

Кіндікті ауылдық округінің Кіндікті ауылындағы атауы жоқ көшелеріне атау беру туралы

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы Кіндікті ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 5 мамырдағы № 6 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 11 мамырда № 8755 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 - бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4) тармақшасына, Шығыс Қазақстан облыстық ономастика комиссиясының 2021 жылғы 5 сәуірдегі қорытындысына сәйкес және тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып Кіндікті ауылдық округінің әкімі ШЕШТІ:

1. Тарбағатай ауданы Кіндікті ауылдық округінің Кіндікті ауылындағы атауы жоқ көшелерге келесі атаулар берілсін:

- 1) Атауы жоқ көшеге - "Кенжалы Би" атауы;
- 2) Атауы жоқ көшеге "Жүнісов Тлеуғазы" атауы;
- 3) Атауы жоқ көшеге "Түсіпханов Сельсовет" атауы;
- 4) Атауы жоқ көшеге "Әбсейіт" атауы;
- 5) Атауы жоқ көшеге "Сағындықов Смағұл" атауы;
- 6) Атауы жоқ көшеге "Қожахметов Саябек" атауы.

2. "Кіндікті ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

- 1) осы шешімнің аумақтық әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы шешімнің мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Тарбағатай ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Кіндікті ауылдық округінің әкімі

М. Дәуренбекұлы